

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ**

**«ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған:
философия кафедрасының доценті, филос.ғ.к. **Амиркулова Ж.А.**

АЛМАТЫ 2024

«ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» пәні бойынша бағдарлама

«Философиялық антропологияның өзекті мәселері» пәні бойынша қорытынды емтихан **жазбаша** түрде (офлайн) өтеді, дәстүрлі түрде берілген сұрақтарға жазбаша жауап беру үлгісінде өткізіледі.

Докторанттардың жауаптары мына көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- 1) Докторанттың сұрақ бойынша мінсіз, жан-жақты философиялық білімін көрсетуі, сұрақтың терең мазмұнын ашуы, түпнұсқаларды және философиялық категориалдық аппаратты қолдана отырып, сұрақтың жауабын айқын да түсінікті баяндауы;
- 2) Түпнұсқаларды қолдана отырып жауап берумен қатар, жекелеген кемшіліктер жіберуі;
- 3) Сұрақты нашар баяндауы, түпнұсқаларды қолданбауы, яғни пән бойынша білімінің жоқтығын көрсетуі.

Сұрақтардың күрделілігіне қарай жауаптар: бірінші сұрақ 30 баллға, екінші 35 және үшінші сұрақтар 35 баллға дейін бағаланады. Емтихан кезінде студент университетте қабылданған талаптарды қатаң орындауы тиіс (емтиханға кешікпеу, емтихан кезінде электрондық құралдарды қолданбау, көшірмеу, тыныштық сақтау және т.б.).

Емтиханның оқу тақырыптары: Қорытынды емтихан кестеге сай белгіленген аудиторияда жазбаша өтеді. Тақырыптық мазмұны жұмыстардың барлық түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинар тақырыптары және студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар.

Емтиханға дайындалу үшін емтихан тақырыптарының тізімі:

Философиялық антропология адам болмысын зерттеу саласының мақсат-міндеті ретінде. “Адам” ұғымының көп мәнділік және мағыналық айқындығы. Адамды нақты – ғылыми зерттеудің ерекшелігі. Биология және антропология. Адам антропологиялық білімнің объектісі және субъектісі ретінде. Адамдағы биологиялық пен әлеуметтілік.

Әлемнің дүниетанымдық бейнесіндегі философиялық антропология. Адам дүниетанымдық мәселе ретінде. Әлем бейнесі және адам бейнесі. Дүниетаным адам түсінігінің контексті және оның өзіндік идентификациясының тәсілі ретінде. Онтология және гносеология адам мәселелерін түсінудің контексті ретінде.

Адам бейнесінің эпистемологиялық мәні. Адамның діндегі, мифтегі, философиядағы, моральдағы, өнердегі, ғылымдағы бейнесі.

Философиялық-антропологиялық білімнің әдістері мәселесі. Философиялық антропологияның синхроникалық және диохроникалық аспектісі. Философиялық антропология адамның өз болмысын іздестіруі ретінде. Антропология – өзіндік таным ретінде.

Ежелгі қытай философиясы адам туралы. Адам философиялық-антропологиялық конфуцианистік теориясындағы этикалық мәні жоғары құндылық ретінде. “Қайырымды күйеу” және этикалық басқару принципі. Адамның Даоцистік концепциясы.

Ежелгі үнді философиясы адам туралы. Каста мәселесі және адам болмысының ғарыштан алдын-ала айқындалуы. Карма және нирвана. Адам буддистік философиялық діни дәстүрінде. Мистикалық аскез және адамның адамгершілік философиясы. Дзен-буддизм.

Антикалық философиядағы адам мәселесі. Алғашқы философтар әлем және адам жайлы. Космоцентризм; адам микрокосм ретінде. Софистер және адам заттардың өлшемі ретінде. Сократ толғанысы және философиядағы антропологиялық төңкеріс. Өзін - өзі тану мен даналық қайырымды адамның өмір салты мен өмір сүру тәсілі ретінде. Платон философиясындағы адам мәселесі. Аристотель философиясындағы адам мәселесі. Адам саяси жануар ретінде. Неоплатондық иерархиядағы адамның орны.

Орта ғасыр Батыс философиясындағы адамның табиғаты

Патристика мен схоластика ілімдеріндегі адам бейнесі. Гуманистік философиядағы адам образының өзгеруі. Гуманистік құндылықтар және ортағасырлық адам образына сын. Антропоцентризм және пантеизм гуманистік революцияның метафизикалық негізі ретінде. Саясат образын формальдау жаңа дәуірдегі адамның тұлғалық сапаларының шоғырланған көрінісі ретінде. “Патша” Н. Макиавелли. Т. Мор “Утопия” және Т. Кампанелла “Күн қаласы” жаңа қоғам мен адамның идеалы ретінде.

Араб-мұсылмандық философиялық дәстүр. әл-Фараби іліміндегі адам және қоғам. әл-Фараби этикасы және бақыт мәселесі. Ибн-Сина құдай, табиғат және адам жөнінде.

Ақыл мен бостандық жаңа заман философиясындағы адам болмысының аспектісі ретінде. Ф.Бэкон мен Б.Паскаль: мүмкіндіктер бағаларының және адам шегінің оптимистік және пессимистік дәріптеу пікірлері.

Адам табиғатының мәселесі: адам: “таза тақта”, адам табиғатынан қайырымды жан, адам табиғатынан зұлым (қатігез). Қоғам ерекшелігінің мәселесі мен адамның қалыптасу ортасы және оның әлемге қарым-қатынасы.

Прогресс образы. Адам және оның тарихтағы ролі. Адам әлеуметтік атом ретінде. Тұлғаның “табиғи құқығы” және адам мен қоғам қарым-қатынасындағы жаңа тип. Бостандық танылған қажеттілік ретінде (Б.Спиноза). Т. Гоббс пен Ж.Ж. Руссо: индивидтің қоғамдық болмысының екі пікірі.

Экзистенциалдық философиядағы адам моделі мен болмысы

С. Кьеркегор: “қорқыныш” пен “үрей” жалған экзистенциалдық сезім ретінде. Адамның экзистенциалдық образ: “үш өмірлік мәндік бағдар”: эстетикалық, этикалық, теологиялық. “Өмір философиясы” және антропологиялық мәселелердің жаңа қарастырылуы. “Өмір” категориясы адам түсінушілігінің контексті ретінде. А.Шопенгауэр философиясындағы адамзаттық субъективтілік.

С. Ницше философиясындағы адам образы. Имморализм мен дионистілік мораль шегінен шыққан ақыл техникасы ретінде: “Соңғы адам” және “жоғарғы адам”. Аристократтар көзқарасындағы қарама-қайшы құндылықтар бағдарының мәселесі мен Э.Э. Кассирердің адамның символикалық концепциясы және В. Дильтейдің “Тарихи ақылға сыны”.

Адамның психоаналитикалық концепциясы. Тұлға құрылымы және ұжымдық санасыздықтың архетиптері: З.Фрейд, К.Юнг, Э.Фром концепциясындағы адам табиғаты мен мәні.

Экзистенциалдық философиядағы адам моделі мен болмысы. Экзистенция және трансценденция. Шекаралық жағдай түсінігі және адамның өмір мен өлім мәселесі. Еркіндік мәселесі және экзистенциализмдегі шығармашылық. К.Ясперс пен Ж.-П. Сартр шығармасындағы философиялық адам концепциясы. М. Хайдеггер философиясындағы адам мәселесі.

XX ғасыр философиясындағы адам болмысының сюжеттері. Бұқаралық қоғам және еуропалық адамның социал-мәдени ортасы. Социомәдени бір өлшем бағалы бағыттаушы ретінде және “Бір өлшемді адам”, оның азығы мен шешімі ретінде.

Биологиялық-философиялық антропология (А. Гелен). “Философиялық антропология”: М. Шелер, Плеснер.

Қазақ философиясындағы адам болмысы мәселесі. Қазақ философиясындағы жан мен тән мәселесі. Жан мен Тән. Ар

Ортағасырлық түркі ойшылдарының еңбектеріндегі антропологиялық идеялар. Жүсіп Баласағұн: төрт рәміздегі адамның ішкі дүниесі және қоғам. Қожа Ахмет Иассауидің хәл ілімі. XIX ғ. қазақ ағартушылары философиясындағы адам мәселесі. Шоқан Уәлихановтың философиялық антропологиялық көзқарастары. Ыбырай Алтынсарин: адамның рухани тәрбиесі. Абай философиясындағы адамдық қасиеттер: ақыл, қайрат, жүрек.

XX ғ. бас кзіндегі қазақ философиясындағы антопологиялық проблематика. Шәкәрімнің ар ілімі.

Философия адамның пайда болуы және оның табиғаты туралы

Философия тарихындағы адам туралы пайымдаулар. Адам табиғаты мен болмысы. Антропогенез бен социогенез. Дарвин, Гексли, Геккель адамның жоғары дәрежедегі дамыған маймылдардан шыққандығы туралы теориясы. Антропосоциогенез - адамның қоғамдық тіршілік иесі ретінде дамуы туралы теория. Социогенез – антропогенездің мазмұны. Теологиядағы адамның пайда болуы туралы түсініктер. Социобиология – биологияның адамның мінез-құлқына әсерін зерттейтін ғылыми бағыт. Гендер - әлеуметтік, мәдени жыныс. Бұл ұғым ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын сипаттайды, ол генетикалық жолмен берілмейді, әлеуметтенудің нәтижесінде жүре келе пайда болады. Адам – бүкіл адамзаттың қабілеті мен сапасын білдіретін ұғым. Индивид – жекеадамды бейнелейтін термин. Тұлға - адамды қоғамның өкілі ретінде бейнелейтін ұғым.

Адам болмысының жалпылығы мен жекелігі

Адамның мәні оның тіршілік ету ортасына байланысты ашыла түседі: табиғи, әлеуметтік, саяси, мәдени, ақпараттық, рухани т.б. Адамның барлығы бірдей емес, сондықтан оның өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын осындай орта мен өзінің ішкі жаратылысының бірлігі бір-бірінен ажыратады. Адамдар бір-бірінен қалай ажыратылады, несімен ерекшеленеді және қалайша ұқсас болады деген сауалдар бойынша: «адам – жеке адам – тұлға» түйткілінің тізбегіндегі әрбір буынды көрсету қажет.

Адам – жеке адам мен тұлғаның негізі болатын, жалпы жеке адамдық пен тұлғалық бөлінбесе де, тұтас адамдық болмысты білдіретін, барша адамзаттың бәріне ортақ бірлікті, бірдей қасиеттерді білдіретін – адамдық негіз.

Руханилық және философия. *Жан азығына қам жеу.* Ақыл. Негізделген білім және оқиғалар мен қадамдардың жоғарғы құндылыққа жатқызылуы. Морализм және утилитаризм. Морализмнің позитивтікке негативтік қатынасы.

Таным және қызығушылық. Ғылыми танымдағы құндылықты бағалаудың бар болуы. Руханилықты игеру интенционалдығы. Феноменология рух жайлы ғылым ретінде. Рух және жан. Рух пен тән жайлы христиандық антропология. Күнә және өкіну. Жанның құмарлықтары. Рухтың дәрменсіздігі. Жан (тәртібі) пәні. Педагогика және тәрбие. Мінез құлық мәселесі.

Адам құндылықтар әлемінде. Әмбебап құндылықтар мен идеалдар, олардың адам өмірсалтындағы атқарар ролі. Құндылықтарды рәміздеу. Адам “рәмізделген жануар” ретінде (Э. Кассирер). “Бар болу” және “иелік ету” – екі құндылықты дүниетанымдық стратегиялар (Э. Фромм). философиядағы “бақыт” категориясы. Мәдени онтология және (бағалық) құндылықтар иерархиясы. Жоғарғы құндылықтарға деген махаббат. Махаббаттың формалары мен түрлері. “Басқа” бейнесі антропологиялық принцип ретінде. Адамның өзіндік түсіну өлшемі: заттар, басқа адам, ештеңе емес. “Мен және Сен”, “Мен және Біз”, “Мен және Олар”. Альтруизмдік және нарциссизм. Еркек пен әйелдің қатыстылығы мен жыныстық айырмашылығы. Махаббат философиясы.

Өмірдің мәні. Адам мәнін ашатын философиялық мәселелердің бірі - өлім мен өмір мәселесі. «Өмір», «өлім» категориялары . Адам өмірінің мәні. Өмір мен өлім. Өлім мен мәңгілік. Өлімге эмоционалдық және рационалдық қатынас. Өмірдің мағынасы мәселесі. Парыз ұғымы. Мақсаттың адам өміріндегі рөлі Мәңгілік өмірді аңсау.

Адам болмысындағы еркіндік. Адам еркіндігінің бейнесі адам мәнінің квинтэссенциясы ретінде. Философия тарихындағы адам еркіндігінің бейнесі. Адам жаратушы ретінде: шығармашылық және еркіндік. Жаратушы мен жаратылғанның қатынасындағы қарама-қайшылықтар.

Ақылды адам. Ақыл және ақылсыздық. Сана және санасыздық. Адамның әлемдегі танымдық қатынасының ерекшелігі. Эмоционалдық және рационалдық. Ерік мәселесі: еріктілік және тілек. Жауапкершілік пен Еркіндік.

Адам және мәдениет. Адам жаратушы және мәдениет жаратылысы ретінде. адамның мәдени болмысының көп қырлылығы мен көп сапалылығы. Мәдениет формалары адамның өзін-өзі тануының және өзін-өзі реттеуінің тәсілі ретінде. Мәдениеттегі адамның атқаратын рөлі мен қызметі. Адам және техника.

Мәдениеттегі адам болмысының бейнесі. Адам субъект – объекттік және субъект – субъектік қатынастар жүйесінде. Homo sapiens, homo faber, homo luolens, homo economicus, soon politiconom. Адам қоғамдық қатынастар ансамблі ретінде. Адам – машина. Адам мәдениетте “еңбекқор”, “жәбір көруші”, “батыр”, “жаратушы”, “қасиетті” ретінде. Ноосфера мәселесі.

Қазіргі заманғы және болашақтағы адам мәселесі

Тіл мәселесі және антропологиялық метасұрақ. Біз адам туралы қалай айтамыз? Индивид және билік қатынасы. Адамзат тарихындағы ақыл мен ақылсыздық. Адамды аспект ретінде түсіну клиникасы.

Дегуманизациялық антропологиялық дағдарыс және ХХІ ғ. өркениеті туралы болжамдар. Адамның өзіндік идентификация ізденісінде және құндылықтарды қайта жаңа бағалау.

Қазіргі ақпараттық қоғамдағы адам мен тұлға. Неоэвгеника проблемалары . Трансгуманизм және адам болмысының болашақтағы келбеті

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Нұрышева Г.Ж. Философиялық антропология. А, 2017.
- 2.Алан Барнард Антропология тарихы мен теориясы. А., 2016
- 3.Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 408 бет.
- 4.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. — 400 бет.
- 5.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том, Қазіргі заман философиясының бастауы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл – 412 бет.
- 6.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 4-том, Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл – 420 бет.
8. Гуревич П. С. - Философская антропология. Том 1,2: Учебник - М.: Издательство Юрайт, 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Масалимова А.Р. Культурная антропология. Алматы, 2007.
2. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. Алматы, 2000.
3. Есім Ғарифолла Адамзат. Астана. 2005.
4. Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау (монография) Монография. Алматы, Инжу-маржан, 2011
5. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. Монография. Алматы, изд. «Комплекс», 2001
6. Хамитов Н.В. Философия человека: от метафизики к метаантропологии. – Киев, 2002.
7. Нысанбаев Ә.Н. Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. – А., 1992.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты дәстүрлі /жазбаша)

Пән: Философиялық антропологияның өзекті мәселелрі **Форма:** жазбаша **Платформа:** офлайн

№	Критерийі	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1 сұрақ	1 критерийі Пәннің теориялық негіздері мен зерттеу бағыттарын білу және түсіну, ерекшеліктерін тану, логикалық мазмұнын дәйектеу	Жауапта сұрақтың жан-жақты ашылуы, егжей-тегжейлі дәлелдер бар, әрбір қорытынды мен мәлімдеме логикалық және дәйекті түрде құрастырылған.	Жауап құрамында мәселені толық, бірақ толық емес қамту, негізгі ережелерді қысқартып дәлелдеу, логиканы бұзу және материалды баяндау өту реттілігі бар.	Жауап құрамында билетте ұсынылған мәселелердің толық қамтылмауы, үстірт дәлелдер келтірілуі, негізгі ережелердің сақталмауы, композициялық теңгерімсіздіктердің орын алуы, логиканың бұзылуы және материалды баяндау реттілігі бар.	Қойылған сұрақтардың дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеулер, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, қорытынды бақылауды өткізу, ережесін бұзу
	2 критерийі. Пәннің теориялық мазмұнын меңгеру және пән терминологиясын дұрыс қолдану	Теориялық мазмұны олқылықсыз толық, жүйелі, терең меңгереді. Студент пәннің терминдерін өте жақсы меңгеріп, олардың дұрыстығын көрсетеді, сұрақтарға жауап бергенде қолданады.	Теориялық мазмұны олқылықтарсыз, жалпы игерілді. Студент жақсы білімін көрсетіп, пәннің негізгі терминдерін, олардың дұрыстығын	Теориялық мазмұнның басым бөлігі игеріледі, бірақ көп нәтижелі болмайды. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетеді. Жауапта стилистикалық қателер мен терминдерді дұрыс емес қолдану кездеседі.	Теориялық мазмұны жартылай игерілді. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетті. Сұрақтарға қате жауаптар берілген.	Теориялық мазмұны игерілмеген. Студент пәннің негізгі шарттарын білмегендігін көрсетті. Сұрақтарға жауап беруде оларды қолдану кезінде

			сұрақтарға жауап бергенде қолданылады.			өрескел қателіктер жіберілді.
2 сұрақ	3 критерийі Курс теориясын және таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдануды біріктіру мүмкіндігі	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес жауап беру, кейде дәлелді жауап; нормаларды сауатсыз қолдану.	Материал үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактілік және мағыналық қателіктер жіберілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылады.	Тапсырмалар немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; Қабілетсіздік, жалпы тапсырмаларды орындау; Қателер жіберу және нормадан асатын ақаулардың болуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білім мен алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау; Қорытынды бақылау жүргізу ережесін бұзу.
	4 критерийі Алынған білім негізінде әлеуметтік зерттеулерде үлкен деректерді пайдалану мүмкіндіктерін қолдану дағдыларына сүйене отырып, тәжірибеге бағытталған тапсырманы орындау	Студент білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма өте жақсы орындалды: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, оны шешу барысы жан-жақты, дәйекті, сауатты және теориялық негіздемелермен түсіндірілген	Білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, оны шешу барысы жан-жақты, бірақ жеткіліксіз логикалық, кейбір детальдарда қателіктер мен теориялық негіздемеде аздаған қиындықтар бар.	Студент білімді практикалық қолдануды көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалған: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, шешу барысы жан-жақты түсіндірілген, бірақ жеткілікті логикалық емес, кейбір детальдарда қателіктер мен теориялық негіздемеде аздаған қиындықтар бар.	Студент білімді практикалық қолдануда төмен деңгей көрсетті. Тәжірибеге бағытталған тапсырма толық орындалмаған: тапсырма сұрағына дұрыс жауап берілген, бірақ оны шешу барысы жеткіліксіз толық, дәйексіз, қателіктермен, теориялық негіздемесі әлсіз, елеулі қиындықтар мен қателіктер бар. Қажетті білік пен дағды іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбірі ғана қалыптасқан. Студент жауаптары осыларды көрсетті.	Студент білімді практикалық қолдануды көрсеткен жоқ. Тәжірибеге бағытталған тапсырма орындалмаған: тапсырма сұрағына қате жауап берілген, оны шешу барысы толық емес, дәйексіз, өрескел қателіктермен және теориялық негіздемесіз берілген.

3 сұрақ	5 критерийі Өлеуметтік мәселелерді ғылыми талдау дағдыларында меңгеру және тәуелсіз құндылық пайымдауларын дамыту.	Қажетті біліктер мен меңгерілген материалмен жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін негіздеді, жеткізді, өз пікірін дәлелдеп, қорғау қабілетін көрсетті.	Қажетті біліктер мен меңгерілген материалмен жұмыс істеу дағдылары негізінен қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін жеткізу, дәлелдеу және өз пікірін қорғау қабілетін ішінара көрсетті.	Қажетті практикалық дағдылар меңгерілген материалмен жұмыс істеуде негізінен қалыптасқан, бірақ орындалған тапсырмалардың кейбірінде қателіктер бар. Студент өз пікірлерін жеткізуде ішінара қабілетін көрсетті, бірақ аргументация көрсете алмады.	Қажетті біліктер мен дағдылар іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбірі ғана қалыптасқан. Студент бағалау пікірлерін жеткізу қабілетін көрсетті, бірақ өз пікірін сенімді түрде дәлелдей алмады.	Қажетті біліктер мен дағдылар қалыптаспаған. Студент бағалау пікірлерін жеткізу қабілетін көрсете алмады, өз пікірін дәлелдемейді және қорғауға тырыспайды.
	6 критерийі Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу	Ғылыми тұжырымдар мен қолданылған әдістеме және технологияның дәйекті, логикалық және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау; материалды баяндауда минималды дәлсіздіктерге жол беріледі, олар жалпы алғанда дұрыс қорытындыларға әсер етпейді.	Тұжырымдамалық материалды пайдалану кезінде жекелеген маңызсыз дәлсіздіктер мен жалпылауда және қорытындыларда аздаған қателіктерге жол беріледі, олар тапсырманы орындаудың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми тұжырымдардың қолданылуымен байланысты қорытындылар нақтыланбаған және сенімді емес, стильдік және грамматикалық қателіктер бар, сондай-ақ практикалық шешімдердің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер байқалады.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материал мен аргументация әлсіз пайдаланылған.	Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмаған. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған.

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл Критерийлер	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				
2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес **«Жақсы»** санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес **«Жақсы», 72 балға** бағаланатын болады.